

Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күші жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 15 қазандағы N 1131 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 07 қарашада N 2164 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 08 қарашадағы N 1360 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 08.11.2013 N 1360 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбек нарығындағы жағдайды және бюджет қаражатына қарай нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі келесідей белгіленсін:

ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар;
бұрын жұмыс істемеген азаматтар;
елу жастан асқан азаматтар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ысқақ